



- Көру талдағышы ең жақсы дамыған құрылым. Оның қызметі нәтижесінде организм қоршаған ортаны бағдарлап, айналасындағы заттардың түсін, пішінін, көлемін және оларға дейінгі ара қашықтықты ажыратады.
- Эволюциялық даму барысында көру мүшесі жарық пен түсті ажыратуға бейімделген. Адам мен сүт қоректі жануарларда ол дамудың ең жоғары деңгейіне жеткен.





- Жарық көз алмасына қарашық арқылы түседі. Қарашық жарық сәулесін тоғыстау қызметін атқарады (фокустайды). Көзбұршақ жарық сәулесін сындырады да, оларды шыны тәрізді дене арқылы аударылған күйінде көздің тор қабығына бағыттайды. Көзді қимылдататын бұлшық ет заттың кескіні көздің тор қабығына, сары даққа дәл түсетіндей етіп көз алмасын қозғалысқа келтіреді. Көздің тор қабығының фоторецепторларында көру жүйкесі арқылы миға – үлкен ми сыңарлары қыртысының көру аймағына берілетін жарықтың жүйке импульстеріне түрленуі жүреді: сол көзден оң жақ көру бөлігіне, ал оң көзден – сол жақ көру бөлігіне, яғни айқасып беріледі. Көздің тор қабығында басталған заттың түсі, пішіні, жарықтандыруының, оның бөлшектерінің анализі ми қыртысының көру аймағында аяқталады.



Қан та-
мырлары

Тор қабық

Тор қабықтағы
бейне

Көру
жүйкесі

Бұлшық еттер


Көзбұршақ

Нұрлы қабық


Көздің қасаң
қабығы

Көзбұршақ
байламдары





Көзді қимыл-қозғалысқа келтіретін бұлшық еттер



- | | |
|------------------------------------|----------------|
| 1. Жас шығаратын без | 5. Қарашық |
| 2. Жас жиналатын қалта | 6. Ақ қабық |
| 3. Жас ағатын без өзекшелері | 7. Нұрлы қабық |
| 4. Мұрынмен байланысатын жас өзегі | |